

**SVEN**®

Мультимедиялық USB  
акустикалық жүйесі 2.0

**ПАЙДАЛАНУ  
ЖӨНІНДЕГІ  
НҰСҚАУЛЫҚ**



**SVEN 130**

[www.sven.fi](http://www.sven.fi)

**TM SVEN акустикалық жүйесін сатып алғаныңыз үшін ризамыз!**

#### **АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

© 2021. SVEN PTE. LTD. 1.0 (V 1.0) нұсқасы.

Осы Нұсқау және соның ішіндегі ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

#### **САУДА МАРКАЛАРЫ**

Барлық сауда маркалары олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

#### **ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ**

Нұсқаулық барынша дәл болу үшін барлық күш салынғанына қарамастан, кейбір сәйкессіздіктер болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың ақпараты «дәл солай» шарттарында берілді. Автор мен баспагер осы Нұсқаулықтағы ақпараттың кесірінен келтірілген залал үшін біреудің немесе ұйымның алдында ешбір жауап бермейді.

#### **МАЗМҰНЫ**

<b>1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС</b> .....	<b>2</b>
<b>2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ</b> .....	<b>3</b>
<b>3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ</b> .....	<b>3</b>
<b>4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ</b> .....	<b>3</b>
<b>5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ</b> .....	<b>3</b>
<b>6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ</b> .....	<b>5</b>
<b>7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР</b> .....	<b>5</b>

#### **1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС**

- Бұйымды ақырын ашып, қораптың ішінде қандай да бір жабдықтар қалып қоймағанын үшін тексеріңіз. Құрылғыға залал келмегенін тексеріңіз. Тасымалдау кезінде бұйымға залал келтірілсе, жеткізетін фирмамен хабарласыңыз; бұйым жұмыс істемейтін болса, бірден сатушымен хабарласыңыз.

- Жиынтықтылық пен кепілдік талонның болуын тексеріңіз. Кепілдік талонда дүкеннің мөрі, сатушының анық қойылған қолы немесе дүкеннің мөртабаны және сатылған күні қойылғанын, тауардың нөмірі талонда көрсетілгенмен сәйкес келетініне көзіңізді жеткізіңіз. Есіңізде сақтаңыз, кепілдік талон жоғалып немесе нөмірлері сәйкес келмеген жағдайда Сіз кепілдік жөндеу жасау құқығыңыздан айырыласыз.

- Бұйымды температурасы төмен қоршаған ортадан кіргізгеннен кейін бірден қоспаңыз! Орауыштан алынған бұйымды бөлме температурасында 4 сағаттан кем емес уақыттай ұстау қажет.

- Бұйымды орнатып қолданудың алдында, осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, пайдалану мерзімі ішінде сақтаңыз.

- Көлік және тасымалдау жабдықтары тек бастапқы контейнерде рұқсат етіледі.

- Іске асыру үшін арнайы жағдайларын талап етпейді.

- Тұрмыстық және компьютерлік жабдықтарды кәдеге жарату үшін ережелерге сәйкес тастаңыз.

**Техникалық қолдау [www.sven.fi](http://www.sven.fi) сайтында орналасқан.  
Осында Сіз осы Нұсқаулықтың жаңартылған нұсқауын таба аласыз.**

**2. ЖИЙНТЫҚТЫЛЫҚ**

- Акустикалық жүйе — 1 дана
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулығы — 1 дана
- Кепілдік талоны — 1 дана

**3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ**

• Электр тоғына ұшырамау үшін, акустикалық жүйені (АЖ) ашпаңыз және өз бетіңізбен жөндемеңіз. Қызмет көрсету мен жөндеуді тек уәкілетті сервис орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыру керек. Уәкілетті сервис орталықтардың тізімін [www.sven.fi](http://www.sven.fi) сайтынан қараңыз.

• АЖ-нің колонкаларының арасында, дыбыс зорайтқыштың корпусына және жерге сымдардың (соның ішінде «жерлендірілген») тұйықталуына жол бермеңіз, себебі дыбыс зорайтқыштың шығу каскадтары істен шығады.

• АЖ-нің тесіктеріне басқа заттардың түсіп кетпеуінен сақтаңыз.

• АЖ-ні жоғары ылғалдан, су және шаң тигеннен сақтаңыз.

• АЖ-ні қызып кетуден сақтаңыз: қыздырғыш аспаптарға 1 м-ден жақын орнатпаңыз. Тіке күн сәулесінен аулақ ұстаңыз.

• АЖ-не және жүйенің маңынаашық жалыны бар ешқандай аспапты орнатпаңыз.

• АЖ-ні тазарту үшін химиялық реагенттерді қолданбаңыз, жұмсақ құрғақ матаны пайдаланыңыз.

• Егер АЖ жұмыс істемесе бірден кабельді суырып, оны сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

**4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ**

SVEN 130 мультимедиялық USB акустикалық жүйесі (АЖ) әуенді шығаруға және ойындар, фильмдер және т.б. дыбыстандыруға арналған. АЖ кіріктірмелі күшейткішімен, сигналды және акустикалық кабельдермен жабдықталған, сол себепті компьютерлерге, ноутбуктерге және басқа да дыбыс шығару көздеріне қосыла алады. АЖ қуат көзіне USB кабелімен ДК, ноутбуктің 5V DC қуат көзі блогының USB-порты арқылы қосылады. Аудиошығысы мен басқару панелі бар колонка шартты түрде белсенді деп танылған.

**АЖ ерекшелігі**

- Қуат көзін USB порты арқылы ДК, ноутбуктің немесе 5V DC қуат көзі блогынан алады
- Шағын дизайн
- Дыбыс қаттылығы деңгейін реттеу
- Колонкалар корпусының материалы – пластик


**АЖ басқару панелі**

- ① Дыбыс қаттылығы деңгейін реттеуіш

**5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ****АЖ орналасуы**

• Колонкаларды тыңдаушыға қарай симметриялық түрде бір метр қашықтықта орнатыңыз.

• Аса сезгіш мониторлар мен теледидарларда бейнелердің сәл бұрмалануы болуы мүмкін, сондықтан АЖ-ні олардан алысырақ орнатыңыз.




1-сурет. Басқару панелі

**АЖ қосылуы**

- Қосар алдында АЖ желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Белсенді колонкадағы кіріктірмелі mini-jack 3,5 мм сигналды кабелін дыбыс көзінің аудиошығысына қосыңыз (2-суреттегі қосу схемасын қара).
- ① реттеуішін сағат тіліне қарсы тірелгенше бұрап, барлық дауысын басыңыз.
- Ток көзінің USB-кабелін компьютердің, ноутбуктың не 5V DC қуат көзі блогының USB портына қосыңыз.
- Аудиосигнал көзін қосыңыз.
- ① реттеуішін бұрау арқылы жалпы дауыс деңгейін реттеңіз. Реттеуішті сағат тілімен бұраса – дауыс көбейеді, сағат тіліне қарсы бұраса – дауыс азаяды.

**Ескерту. АЖ-ні қолданып болған соң оны ток көзінен ажыратуды ұмытпаңыз.**



2-сурет. Қосу схемасы

## 6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Жарамсыздық	Себебі	Жою жолы
АЖ қосылмайды.	Желіге қосылмаған.	Дұрыс қосылуын тексеріңіз.
	Желілік ажыратқыш қосылмаған.	Ажыратқышты қосыңыз.
Дыбысы жоқ немесе АЖ-нің колонкаларында дыбысы тым жай шығады.	Дыбыс қаттылықтың реттеуіші барынша басулы.	Дыбыс қаттылықтың реттеуішін ретке келтіріңіз.
	Аудиосигнал көзі дұрыс қосылмаған.	Сигнал көздерін дұрыс қосыңыз.
Дыбыстың қате шығуы.	Кіріс дыбыстың үлкен амплитудасы.	Сигнал көздерінде және АЖ-нде дыбыс қаттылықтың реттеуіштерімен кіріс сигналдың көлемін азайтыңыз.

Жоғарыда аталған жолдардың біреуі де мәселені шешпесе, жақын жердегі сервис-орталығына кәсіптік кеңес алу үшін хабарласыңыз. Бұйымды өз бетіңізбен жөндемеңіз.

## 7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Сипаттамалар және өлшем бірліктері	Мәні
Шығу қуаты (RMS), Вт	6 (2 × 3)
Жилік диапазоны, Гц	100–20 000
Динамиктер диаметрі, мм	Ø 50
Қуат көзінің кернеуі	USB --- DC 5В
Номиналды ток шығыны, А	0,06
Өлшемдері (бір колонканың) (Е × Б × Т), мм	68 × 90 × 65
Салмағы, кг	0,28

**Ескертулер:**

- Кестеде келтірілген техникалық сипаттамалар анықтамалық және наразы білдіру үшін негізі болып табылмайды.
- SVEN сауда маркасының өнімдері үнемі жетілдіріледі. Сол себептен техникалық сипаттамаар және жиынтықтылық алдын ала ескертілмей өзгеруі мүмкін.

## Мультимедиялық USB акустикалық жүйесі 2.0

# SVEN®

### Үлгі: Sven 130

Импортёрлер СМ SVEN Қазақстан  
республикасында:

«ST Networks» ЖШС, Қазақстан Республикасы,  
050013, Алматы, Республика алаңы, Фур-  
манов көшесінің бұрылысы, үй 13/195, 13Б  
кеңсе, тел: +7 (727) 266 36 13,  
e-mail: info@stn.kz.

«Alon Logistics» ЖШС, Қазақстан Республика-  
сы, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117.

Сапа жөніндегі талап-тілектерді Қазақстан  
Республикасы аумағында «О-Си-Эс Ка-  
захстан» ЖШС-гі қабылдайды. Мекенжай:  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,  
Мақатаев көшесі, 117,  
тел.: +7 (727) 352-86-68, e-mail: kz@ocs.ru.

Өндіруші: «СВЕН ПТЕ. Лимитед», 176 Джу  
Чиат Роуд, № 02-02, Сингапур, 427447.  
«Свен Скандинавия Лимитед» бақыла-  
уымен өндірілді, 48310, Финляндия, Котка,  
Котolahdentie, 15.

Manufacturer: SVEN PTE. LTD, 176 Joo Chiat  
Road, № 02-02, Singapore, 427447.  
Produced under the control of Oy Sven Scan-  
dinavia Ltd. 15, Kotolahdentie, Kotka, Finland,  
48310. Made in China.

® Registered Trademark of Oy SVEN  
Scandinavia Ltd. Finland.



# SVEN 130